

Дәріс № 2 Діннің қарапайым түрлері

• ХБК ҚазБСҚА АҮМ

- Пән: Дінтану** **ЖГДФ**
- Кредит саны – 2** **1/2 семестр**
- 2016-2017 оқу жылы** **Масанов Е.Ж.**

Дәрістің қысқаша мазмұны

- **1. Дін және оның пайда болуы;**
- **2. Адамзат тарихындағы діннің жіктелуі;**
- **3. Діннің алғашқы қарапайым түрлері: магия, фетишизм, анимизм, тотемизм, шаманизм.**

Дүниетанымның 3 түрі:

- 1 Мифологиялық – аңызға;
- 2 Діни – сенімге негізделген;
- 3 Философиялық – ақылға;
- 4 Ғылыми – дәлелдерге.



Дін -

- - адам пайымының бүкіл әлем мен болмысқа, қоршаған дүниеге, табиғатқа, өзі өмір сүретін ортаға және өзінің ақыл-ойы мен сана-сезімінен тысқары тылсым дүниеге қатынасы.

Діннің шығуы

- қазіргі ғылымның зерттеулері бойынша **40 – 50 мың жыл бұрынғы палеолит (тас дәуірі), яғни алғашқы қауымдық қоғамның салыстырмалы түрде жоғары деңгейдегі даму кезеңіне жатқызылып отыр.**

Алғашқы қоғамның діндер:

- **1) ерте (рулық кұрылыстағы магия, фетишизм (пұтқакұлдык), анимизм (рухқа кұлдык));**
- **2) ру-тайпалык (тайпалык кездегі тотемшілдік, егіншілік культі, ата-бабалар культі, көсемдер культі, шамандык) деп екіге бөлінеді.**

Магия (лат.сиқыршылық):

- қажетті нәрсеге қол жеткізу үшін «тікелей емес», ерекше бір тәсілмен салт-жоралғылар жасау әрекеттерінің нышандық жеке немесе бірлескен белгісі, адамдардың өздерінің немесе басқалардың бойында табиғатқа әсер ете алатын ерекше күш бар екендігіне сенімі.

Соған сәйкес магия бөлінген:

- 1.Өндірістік магия** (аң, балық аулау, өнім жинау);
- 2.Емшілік магия** науқастарды емдеуге қолданған;
- 3.Қорғаушы магия** - бұл табу (тыйым салу), қандай да бір арам, кесір пиғылдарды бейтараптандыру;
- 4.Зияндық келтіретін магия** - қас дұшпандарға залал тигізу;
- 5. Махаббат** - магияның мақсаты еркектің немесе әйелдің жүрегін жаулап алу.

Діни нанымдар:

- **Фетишизм** – пұтқақұлдық португалдық «сиқырлық зат-фетишо» деген сөзінен шыққан, материалдық дүниелердің, жанды нәрселердің (көк бөрі) табиғаттан тыс қасиетті күштері бар екендігіне деген сенім.
- **Анимизм (лат. Жан, рух)** – жан, рухқа сену, рухқақұлдық.

Діни культтер:

- **1) Ата-баба культі - ата-баба рухын сыйлау, олар өлгеннен кейін олардың рухын құрметтеуге арналған құрбандық шалу сияқты салттармен жалғасады;**
- **2) Көсемдер культі - тайпаның басқа мүшелерінің бойында жоқ, тек көсемдердің ғана бойында бар ерекше бір қасиеттердің бар екендігіне сенім. Біздің заманда да мумиялау, ескерткіш орнату, суретін ілу сияқты шаралар бар.**

Діни сана

**– жаратылыстан тыс күштерге, құдайға
деген сеніммен туындайтын
көзқарастардың, идеялардың,
нанымдардың, теориялардың жиынтығы.**

Діни сенімге деген екі түрлі көзқарас бар:

- - **атеистік көзқарас** дін өмір шындығын бұрмалап, фантастикалық тұрғыдан түсіндіреді десе;
- - **дінді қолдаушылар** оны нағыз ақиқат, танымның ең жоғарғы сатысы, адам өміріндегі барлық сұрақтарға жауап бере алатын, қоғамдық сананың басқа формаларының бәрінен асып түсетін формасы деп тұжырымдайды.

Семинар сұрақтары:

- 1. Алғашқы наным–сенімдер ерекшеліктері?**
- 2. Тотемизм мен фетишизм – діннің алғашқы түрлері?**
- 4. Магияның қазіргі заманда қай түрі басым?**